

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/VXZC3924>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/LFTV8646>***А. А. Туймебекова¹, А. Б. Салқынбай², Р. А. Беркенова³**^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық

Тараз университеті,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9642-4048>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2334-7499>³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3830-1648>e-mail: atuymebekova@mail.ru

Б. МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ «БАТЫРЛЫҚ» КОНЦЕПТІНІҢ ӨРІСІ

Бұл мақалада XX ғ. Ұлы Отан соғысында батырлығымен әлемге аты шыққан жасауынгер-жазушы Б. Момышұлының тұлғалық тiлдiк табиғаты зерттеледi. Адамзаттың санасы мен жанын аласапыран еткен қырғын соғыстағы жеке адам мен адамзаттың жасауыздыққа қарсы тұрар тұлғасын қалыптастыратын тiлдiк концептiлер қарастырылады. Адамның сан қилы жағдайда өзiнiң адамишылығын сақтауын, Отанын сақтау, туған жерiн қадiрлеу, ар-ұят, намыс пен парыз, борыш пен мiндет мәселесi кеңiнен қозғалады. Соғыс аренасы өз алдына бөлек дүние, ондағы заң мен әрекет өзгеше екендiгi айтылады. Ұлы Отан соғысынан соң Батырдың шынайы дүниенi өз саналық дүниетанымынан өткiзiп, әлемнiң бейнесiне тiлдiк тұрғыдан қарап, оған баға беруi, адамдармен қарым-қатынасы, майдандас достарымен пікірлесуi үлкен жасаукершiлiктi арқалатады. Өз ойынан туған «батырлық» туралы ойдың өшпегуi үшiн ұрпағына мiрас етпек ойы сөз болады. Б. Момышұлының соғыстағы ерлiгi жаһанға таралып, кейiн соғыс аяқталған соң, әскери академияны бiтiрiп, қызметке орналасарда әдiлетсiздiктер болғаны мәлiм. Тiптi соғыста теңдессiз ерлiк көрсетсе де, Совет Одағының Батыры атағының берiлмеуi де баршамызға аян. Осындай қиындықтарды басынан өткерген адамның ой-тұжырымы сарапталады. Өзiнiң «Батыр» екендiгiн өзi мойындамаса да, халқы берген. Сондықтан Батыр өзiн «Мен Халықаралық Батырмын» деп бағалаған.

Б. Момышұлы кешегі жауынгер, тіпті жауынгер баласына деген құрметін еш жоғалтпаған. Зерттеу нәтижесінде Б. Момышұлының күрделі, терең, халықтың бүкіл ар-намысынан жаралған адал ұлы екендігіне көз жеткіземіз. Батырдың шығармаларынан «батырлық» концептісін тауып, оған концептуалды, дефинициялық, тарихи-этимологиялық талдаулар жасаймыз.

Кілтті сөздер: концепт, ұят, батырлық, абырой, жеңіс, парыз, әділдік, намыс.

Кіріспе

Зерттеу жұмысының тақырыбының өзектілігі – тіл біліміндегі шығармашылық тұлғалардың шығармаларынан концепт категориясын іздеу тұрғысынан құнды. Шығармашылық өкілдерінің концептілік байламын жасау ерекшелігі, ұлттық, мәдени тараптан лингвомәдениеттанымдық құрылым зерттеледі. Аталған зерттеуде адамның ойы, санасы арқылы сүзіліп қалыптасқан, әрбір халықтың мәдениеті мен тұрмысынан сыр шертетін концепт ұғымына тоқталамыз. Концепт ұғымының шығу тегіне келсек, философия, психология ілімімен байланысы барын көреміз. Концепт адам санасында қалыптасады. Мәдениеттен қанат қағып, тіл көмегімен репрезенттеледі. Осы арқылы жекелеген адам мен қоғамның әлемді тануы ерекшелігі қалыптасады. Қазіргі тіл білімі құрылымдық дәстүрден антропоөзектік парадигмаға өтуде тілдің дамуына көптеген мәселе жүктеді. Ол тіл білімі мен мәдениеттің өзара байланысынан туындады. Осылайша, тіл мен мәдениеттен лингвомәдениеттану ғылымы дамыды. Мәдениеттің тілмен кодталатыны анықталды. Лингвомәдениеттанудың категориясы–концепт деп аталады. Шынайы әлемнің тілдік бейнесін анықтайтын білімдерді қалыптастырады. Лингвомәдениеттанудағы концепт халықтың бояуы қанған, менталды тілдік біліммен анықталған болып келеді. Атап өтер жайт, концепт әр уақытта заттық мағынада ұғынылады. Батылдық пен ержүректік қажет болған жағдайда батырлық лексикасы танылады да лингвомәдениеттанымдық концепт болып табылады. Ғалымдар мен ойшылдардың ойынша, батырлықтың иесі – адам екендігі мәлім. Батыр бойына бар асыл қасиеттерді жинақтап, ержүректігімен, батылдығымен қайтпас қайсарлығымен көрінеді. Осыдан соң ол жауыздықпен күрессе, әділдікке жақтасады. Осы ой-тұжырымдар батырлықтың пайда болуы мен дамуы, өшпес жалғасымен айқындала түседі. Батырлық тарих қойнауында болған жаугершілік заманда елін қорғау, өзін қорғауда туған. Лингвомәдениеттанудағы концепт мәселесі болжам ретінде теориялық негізде философтармен, ойшылдармен, ғалымдармен әртүрлі кезеңде зерттелді.

Материалдар мен әдістері

Біздің зерттеу еңбегімізде Ш. Уәлихановтың «Тандамалы», М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы», С. Сейфуллиннің «Көп томдық шығармалар жинағы», Б. Момышұлының «Қанмен жазылған кітап» еңбектері қарастырылды. Теориялық тұрғыдан Отандық, орыс және шетел ғалымдарының концепт саласына байланысты зерттеу еңбектері сараланды. Жұмыста концептінің алғашқы құрылымы мен мағынасын табу үшін тарихи-этимологиялық талдау жүргізілді. Дефинициялық талдау – сөзден тілдік бірліктерді табу, логикалық тұрғыдан жазышы шығармашылығынан бейнелі сөздерді жазу болып табылады. Дефинициялық талдау оның мағыналық қатысты белгілер жүйесін құрастырады. Жеке адам өмір тәжірибесінен көрген-білгенін тұжырымдап сөз қорытындысын халықтық бояумен, ұлттық мінезбен бе ре білді. Батырлық концептісі ядролық шоғырдың ортасы болса, жеке адамның батырлықты туғызар, толықтырар ой сілемдері концептуальды ортаны құрады. Батырлық концептісі тіл дамуымен қатар, тілді пайдаланушы адам санасында жаңғырып, өзгеше өң, түр-сипатқа ие болып отырады. Яғни батырлық концептісінің адам баласымен бірге жасасып келе жатқандығын көреміз. Концептуалды талдау бойынша концептінің дамуы мен қазіргі жайы туралы зерттеу жүргізілді. Концептінің тарихын білу үшін тарихи-этимологиялық талдау, яғни оның алғашқы мағынасын анықтауға көмектеседі. Концепт жасайтын халықтың бай тәжірибесі болатындығын, жеке адам соны дамытушы ұлттық бейне жасайтынын байқадық. Концептуалды талдау арқылы концептің сөздіктердегі анық және жанама түрде берілген ақпараттары арқылы оның модельдік құрылымын жасай алдық.

Нәтижелер және талқылау

Батырлық термині өз бастауын бірнеше ғасырлардан алады. Соның айқын дәлелі төмендегі талдауларда көрінеді. Батырлық концепция ретінде грек ақындары мен философтарының еңбектерінде Гесиод, Гомер, Платон, Аристотельде қарастырылған. Ең алғашқы зерттеулерде «батыр – құдайдың баласы немесе ұрпақтары» [1, 213-б.] – дейді. Гомер «Илиада» шығармасында батыр бейнесін жасағанда оның бойында ар-намыс сезімін жоғары қоятынын көреміз. Зерттеуші Р. Г. Апресян «Динамика образа героя в «Илиаде» Гомера» мақаласында батырға тән қасиет: «Он гостеприимен и дружелюбен. Он остается самим собой, но в душе его происходит перемена» [2, 32-б.] – дейді. Платон болса былай дейді: «Герой рождается среди сотни, мудрый человек есть в среди тысячи, но совершенного можно не найти и среди сотни тысяч». Әл-Фараби «Көзсіз батырлық ерлікке ұқсас» [3, 72-б.] деген өзінің «Қайырымды қала тұрғындары» еңбегінде.

XI ғ. М. Қашқари сөздігінде тілдің халықтық маңызын зерттеп, түркі халықтарының салыстырмалы сөздігін жасаған ғалым «Батыр» сөзіне

«тоңа» деген атау тән екендігін айтып, Алып ер Тоңа – түріктердің ханы Афрасиаб есіміндегі «тоңа» сөзі күштілікті білдіретінін айтады. XI ғасырда Ж. Баласағұн «Құтты білік» туындысында «Ер – мақтаса, арыстанмен алысар, Ат – баптаса, ұшқан құспен жарысар» [4, 282-б.] деп батырлық пен ерлікке тәрбиелеудің бастау көздерін көрсетеді, сонымен қатар батыр жүрген жерде міндетті түрде батырдың серігі болатынын айтады. Ал «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» он бес томдығының 3-томында Батырлық – заттық мағынада 1. Батыр болушылық, батыр атанушылық. Батырлықтың сәні жоқ – Түн ұйқысын төрт бөліп, Елерген тұлпар ерттеліп, Толғаулы найза қолға алып, Тұйғын құстай толғанып, Сары садақ асынып, Егескен жау... [5] деп беріледі.

Ал С. Бизақов, Ә. Болғанбаев, Ш. Дәулетқұловтардың құрастырған «Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде» батылдык, батырлық, өжеттік, өткірлік, жүректілік, беттілік, ерлік, қасқырлық – Еш нәрседен тайынбаушылық, қорықпаушылық, жау жүректі. Оның көзіне қарауға батылдығы жетпей Шайқы арсыз бетін кір-кір жеңімен жауып алды (Ә. Әбілев). Батырлықтан не пайда, Байымдап жұмбақ шешпесе... [6] деп беріледі.

Ал батырлардың қоғамдағы дәрежесі туралы Ш. Уәлиханов «18 ғасыр батырлары туралы тарихи аңыздар» мақаласында «...Басентинец Малайсары по богатству, храбрости и по характеру и уаковец Баян по уму и храбрости стоят выше всех» [7] деген жолдар батырға тән қасиеттер, олардың елден ерек екендігін көрсетеді. А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде «Батырлар турасындағы әңгіме – халықтың жаны, рухы турасындағы әңгіме.....ол жырлар халықтың рухы нағыз көтерілетін шағында шыққандығын байқаймыз» [8, 114-б.]. Батырлар жырын айтатын жыршылар азайып, батырлар жыры азайып бара жатқандығын айтады. Егер жыршы болмаса, ертегіге айналып өршіл рухынан айырылады екен. Қазақ тарихында көш бастаған елінің мұңын сейілтіп, жерін қорғап, жоғын түгендеп отыратын батырлары болған. Батырлар өз елінің сүйеніші болған. «Сүйеніші қол бастаған батыры, ел бастаған ханы мен биі болған» [9, 56-б.]. М. Әуезов батырларды ұлы батырлар және кіші батырлар деп бөлген. Ұлы батырлар әрі би, әрі ел билеген хан, батыр болған. Дүниеге келуі де ерекше, табиғаты өзгеше, олардың жаратылысына әулие, пері араласуы керек болған. Бұндай қиялдың араласуы халықтың арман-қиялынан туған. Қазақ батырлар жырында «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүністің жар таңдайтын кезін былай береді: «Өзгеден абыройы, бағы асып туған кісіні аламын» – дейді. Бұдан шығатын қорытынды батырдың серігі болар жарының батырды ерекше күш иесі ретінде бағалау деп білеміз. «Қобыланды батыр» жырынан соң Сайын батыр туралы жырлар келеді. Қобыланды екеуі қалмаққа аттанады. Жолда жауырыншы бал ашып, жолы болмайтындығын айтады. Қобыланды кері қайту керек дегенде, тыңдамай жалғыз өзі кетіп, осы жолда

мерт болады. «Ел қиялы Сайынды батыр десе де туысын өзгемен тең қылып, ерекшелік билеп, сәт билеп туғанын айтса да Сайынды әлдеқандай мінезі үшін жазалағандай болады» [9, 88-б.]. Ел қиялы батырға батырлықтан басқа мінезділік шарттарын қояды. «Батыр құр ғана қол батыры емес, ақылға шалымды, мінезге тартымды, тоқтаулы болсын» [9, 89-б.] – дейді.

С. Сейфуллин «Малдылар, күштілер табының ықпалындағы рудың «жаумен» соғысқанда, өзгеден өжет, мықты, қайратты, күштілері – батыр атанып, ру ішіндегі үстем таптың ардақтысы болған» [10, 54-б.]. «Жаудан жылқы айырған», «Жауға намыс жібермеген», «Жат елді шауып олжалаған» батырлары болған [10, 54-б.]. «Міне, жігіт болсаң, пәлен батырдай бол!.. Ат мінесең соның атындай атқа мін!» деп батырлар туралы, батырдың сәйгүлік аты туралы әңгімелеген қызықты, суретті, күйлі әңгімелерді, жастарға «өнеге», «үлгі», «сабақ» тәрізді қылған» [10, 55-б.].

Б. Момышұлы – халқым деп еңіреген ұлтжанды азамат. Философ Ә. Нысанбаев «Б. Момышұлы: соғыс философиясы және батыр тұлғасы» мақаласында Бауыржанның тәрбие алған ошағы, сауат ашқан орны туралы былай дейді: «Әкесі Момыш ескіше сауатты, молда кісі болған, сондықтан орыс мектебіне бармас бұрын бала Бауыржанның арабша хат танығаны сөзсіз» [11, 99-б.] – дейді. Бұл деректердің растығы мұрағаттағы арабша жазылған Батырдың жазбаларынан таныс. Бауыржан атамыз «Өз ұлтын құрметтеп, мақтан тұтпайтын адам сөзсіз сатқын және қаңғыбас. Ұлт мақтанышы – ұлт өкілі тұлға үшін қасиетті және бұзылмайтын заң» деген. Соғыста адам мен адам қақтығысы, біреуі біреуін өлтірмесе, яғни Бауыржан «Өзін-өзі сақтау инстинкті басқаны өлтіруге мәжбүрлейді, ал бұл өзін өлгеннен анағұрлым қиын» [11, 99-б.] – дейді. Соғыста «Сарбаздың ерлігін ұрлау – адам кейпіндегі малдың ең төменгі қылмысы... Батырлықты ұмыту – халықтың трагедиясы» [11, 100-б.]. Әрбір маңызды оқиға, батырлық, ерлік істер халық жадында жатталып, батырлар жыры болып сақталатын. Кешегі зұлмат соғыста Мәскеу түбіндегі ерлік көрсеткен 316-атқыштар дивизиясының ерлігі насихатталмақ тұрмақ, айтылмайды. Ресей телеарналары түсірген фильмдердің дені барлаушылар мен диверсанттар туралы белең алып кетті. Атыс, ұрыс үстіндегі жауынгердің жай-күйі, қорқыныш пен батырлық туралы кітап жазбасқа амал қалмады. Соғыстан соң бейбіт өмірде батырлардың есімі сақталсын деп Б. Момышұлы жазушылыққа бет бұрды.

«Ар-намыс жағынан біз мақтанды десең, дей бер, қарағым, әжептәуір халықпыз. Бұған дәлелдеріміз көп. Мысалы, эпостарымызды ал. Бәрінің тақырыбы – ар» [13]. «Ар-намыс деген нәрсе – ердің туы» [13, 85-б.]. «Арсыз адам азамат бола алмайды. Ал азамат бола алмасаң, өмір сүрдім деп айтудың керегі жоқ!» – дейді дауысын қатайтып, шамырқана тіл қатып. Бүкіл өмірі ар жолында жүрген, әділдік арқанын кесіп өтпеген батырлықты

ту еткен жазушылық өмірінде жас ұрпақты тәрбиелеу үшін отбасылық тәрбиесінде әкесінің орнын баса көрсетеді. Кезінде әкесі «Әй, балам, мына кітаппен танысып шықшы? [12, 84-б.] – деді. Алып оқып таң қалдым, Ә. Бөкейханов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Т. Отарбаев т.б. газетке шыққан өлең, әңгімелерін менен бұрын өзі оқып шығып, ерінбей– жалықпай түптеп, кітап етіп, маған сыйлаушы еді» [12, 84-б.]. Кейін әке дәстүрін жалғастырып, өзі де болашақ туынды жасаушыларға материал берген. «Мен қолы ашық кісімін. А. Бектен бастап, т.б. тіпті Ә. Нұршайықовқа дейін мен аянбастан материал бердім. Негізгі мақсатым – ар-намысым дейтін қазақта сөз бар. Соғыста, қан майданда мен арпалыса намысқа тырыстым. А. Бекке мен өте ризамын. (Хотя я являюсь фактическим соавтором)» [12].

Сыр айтам саған халқым, ұға білсең,

Мен де адаммын жаралған сүт пен еттен.

Ежелден ел тірегі – ел тілегі, адал ұл, ер болу – ер тірегі – осы үш өлеңім – менің творчествомның эпиграфы [12].

Бүгінгі күні патриотизмі жоқ, ұлттық құндылықтарды сіңіріп, сезіп өспеген ұрпақ көбейіп келеді. Зулаған қырғын оқтың ортасында қорқыныш сезбеген Батыр, елге қайтып жас ұрпақтың тәрбиесін көріп бармақ тістейді. Себебі бесік жырын айтпайтын тікбақа келіндер мен ертегі айтпайтын әжелер көбейіп бара жатқанын да байқаған. «Өйткені бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспегеннің көкірегі көр болады ма деп қорқам. Ал көрдің қолына балта берсең, шаба салады, бақыр берсең, ала салады, найза берсең, сұға салады, намыстанбай, бұға салады» [12, 103-б.] – дейді.

Қазақстан Орталық Комитетінің бірінші Хатшысы Н. А. Скворцовқа кіріп елдегі жастар тәрбиесіне не жетпейтінін санамалап айтып береді: «Көкпар, сайыс, палуан күрес, қыз қуу, бәйге, айтыс, тоғызқұмалақ жатады. Бұлардың бәрі біздің жігіттерді батыр, ержүрек, тапқыр, епті етті. Меніңше, бұл дәстүрді дамыту керек. Ал сіздер тыйым салып отырсыздар. Бұл үлкен қателік, тіпті қаскөйлік!» [13, 10-б.] – деді.

«Екі жарым жылдан бері қалтама үнемі блокнот салып жүремін, оған мені қызықтырған нәрселердің бәрін жазамын. Қолжазбамның 60–70 процентін орыс тілінде, 30–40 процентін қазақ тілінде жаздым» [13, 84-б.] – дейді.

Эмоциялық мағынаны білдіретін сөздер Б. Момышұлы тілдік қолданысында жиі кездеседі. Ғалым М. Оразов «Қазақ тілі семантикасы» еңбегінде «Бірақ түйсік арқылы объектив дүниені бейнелеумен салыстырып болмайды. Себебі көркем әдебиеттегі бейне жинақтық, белгілі бір көзқарасқа бейімделсе» [14, 78-б.] – дейді. Сонымен қатар осы еңбекте идеалды денотат мәселесі де сөз болады. Біздің ойымызша, идеалды денотат референт

те, шын мағынадағы зат та емес. Референт болу үшін түйсік арқылы қабылданған ақпарат жалпылануы қажет, ал денотат болу үшін объектілік қасиетке ие болуы керек. Ғалым Звегинцев В. А. А. Потебняның айтқан сөз мағынасын екі кезеңнен яғни біріншісін тілдік тараптан, екіншісін пәнаралық байланыстардан іздеген дұрыс деп табады. Сөзің лексикалық мағынасын табу өте қиын. «Сөздердің лексикалық мағынасының құрамына талдау жасағанымызда барлық сөздің мағына құрамынан денотаттық, сигнификаттық мағына сыңарларын табу кейде оңай болмайтынына көз жеткіздік» [14] – дейді ғалым М. Оразов. «Сөздер ауыспалы мағынада қолданылғанда оның денотаттық мағынасы да, сигнификаттық та мағынасы да өзгереді» [14].

Батырлық концептінің өзекті белгісін ашу үшін оның ұлттық құндылығын арттыратын лексика қажет. Қазақ халқының лексикалық тілдік бірлігі батырлықты танытатын мүдде, отбасы, Отан, қоғам, намыс, борыш, парыз, ар, әділдік сияқты белгілерімен танылады. «Соғыс психологиясы» шығармасында бірнеше лексикалық бірліктер беріліп, оларды құрастыратын өрістік аясын кеңейтетін ұғымдар тізімі толықтырылады. «Ұрысты басқару – атысты басқару, өз күшінді басқару, маневр жасау, бет қаратпау, атыс ұяларын қирату, жаудың күшін жою», «Жеңіс – кім көбірек атыспен әсер етсе, шоғырландыра басымдылық көрсетсе, атыс, инициатива қолға алу», «Ұрыс – ұйымдасқан түрде дұшпанға ықпал ету, атыспен ықпал ету, ақылмен ықпал ету, тактика», «Жоғары сезімдер – қаһармандық, парыз, ержүректілік, ерлік, адамгершілік, батырлық», «Төменгі сезімдер – қорқыныш, ұждансыздық, үрей, опасыздық, шошу» [12] сияқты терминдермен толықтырады. Кезінде майдандас досы Д. Снегинге өзін қорқыныш қатты мазаландыратынын айтқан. Себебі қорқынышпен бірге соғыста өзін-өзі сақтау қатар жүреді деп топшылайды. Б. Момышұлы шығармашылығында ғарыштық ұғымдар санатына жатқызатын «Шыншылдық – Екіжүзділік, Батырлық – Қорқақтық. Ар-ұятты сөз етсек, ол өзгермейтін мәңгілік нәрсе. Күншілдіктен айырмасы оны таба да алмайсың, жоғалта да алмайсың. Оны таза күйінде ұстайсың, не былғайсың» [15, 136-б.]. Б. Момышұлы шығармашылығында көп кездесетін ұлттық компоненттер мақал-мәтелдер. Тілдің паремиологиялық қоры мәдениет пен халық ділінің қайнар көзі. Мақал-мәтел, нақыл сөздері арқылы халықтың ұлттық тілдік бейнесі көрінеді. Мақал-мәтелдер арқылы «батырлық» концептісін талдауға және өзге концептілер жүйесін құраушы ұғымдармен таныстырады. Мақалдарды талдай отыра, батырлық әрекетке ұмтылдыратын батылдық, өжеттік, қаһармандық және ержүректікті және ерік-жігер, тайсалмау, өз-өзіне сенімділік, тапқырлық, шыдамдылық, қырағылық сияқты қасиеттер шығады. Батырлық қасиеттермен адам соғыс кезінде, майдан даласында, қауіп-қатермен бетпе-бет жүздескенде,

қорқынышын жеңіп, мақсатына жетуде кездеседі. Қоян жүрек қорқақтарды халқымыз «Ерді– намыс, қоянды қамыс өлтіреді», деп әлдеқашан айтып кеткен. Осы мақал Батырдың «Соғыс психологиясы» шығармасында жиі қайталанады. Қазіргі тіл білімі құрылымдық дәстүрден антропоэлектік парадигмаға өтуде тілге көптеген мәселелі міндеттер жүктеді. Ол тіл білімі мен мәдениеттің өзара байланысынан туындады. Осылайша тіл мен мәдениеттен лингвомәдениеттану ғылымы дамыды. Мәдениеттің тілмен кодталатыны белгілі болды. Лингвомәдениеттанудың категориясы – концепт деп аталады. Шынайы әлемнің тілдік бейнесін анықтайтын білімдерді қалыптастырады. Лингвомәдениеттанудағы концепт халықтың бояуы қанған, ментальды тілдік біліммен анықталған болып келеді. Атап өтер жайт, концепт әр уақытта заттық мағынада ұғынылады. Батылдық пен ержүректік қажет болған жерде батырлық лексикасы танылады да лингвомәдениеттанымдық концепт болып табылады. Концепт туралы шетелдік ғалымдар 1954 жылы Оррин Клапп батырлықтың моделін – жеңіске жетуші, биліктің жеңілмейтін өкілі, ақылды батыр, азат етуші, алдап кету арқылы жеңу, кек алушы, халық қамқоршысы сияқты үлгілерді ұсынды. Бұл тақырыпты 2010 жылы Эллисон мен Геталс мақұлдады. Э. Зенон, Франко, К. Блоу мен Ф. Зимбардо 2011 жылғы зерттеулерінде батырлықты анықтау үшін әлеуметтік өмірдегі батырлық, соғыс кезіндегі батырлық, азаматтық батырлық болатынын айтты. Мақала авторлары батырлықты адам әрекетінің ең жоғарғы әрекеті деп табады. Әлеуметтік батырлықты әскери және азаматтық батырлықтармен салыстыра келіп, бәрінде ұқсастық «қарсыласу батылдығы» [16] бар деп анықталды. Африка еліндегі аз ұлттардың қиыншылыққа қарамай өз тілін, дәстүрін сақтауынан ерлік іздерін іздейді [17]. Енді Буньеро Китара еліндегі ата-бабаларының батырлығына бас ию дәстүрі сөз болады [18]. Постколониальды мемлекеттегі өз батырларын құрметтеу сезімі туралы шығарма талданады [19]. Қай мемлекеттің өмір сүру формасына қарамай-ақ батырлығының қандай деңгейде екенін көргіміз келсе, біздің алдымыздан адамзаттың жоғары деңгейлі әрекеті көрінеді екен. Ғалымдар мен ойшылдардың айтуынша, батырлықтың иесі адам екендігін анықтаймыз. Бойына ұлы және асыл қасиеттерді жинақтап, ержүректігімен, батылдығымен, қайтпас қайсарлығымен көрінеді.

Б. Момышұлын батырлыққа тәрбиелеген отбасы, руы, ауылындағы батырлар туралы әңгімелер, аңыздар, отбасылық ауыз әдебиеті нұсқаларын балаларына жаттатып өсірген Момыш әкенің орны бір төбе десек те болады. Қазақ халқының ар-намысын ту еткен жырлары мен аңыздарынан балаларын құлақтандырып отыратын сауатты кісі болған. Амангелді батыр туралы түсінігі де өте мол болған. Бұл жөнінде М. Әуезов кешегі жырлардағы батырлардың сілемін жалғастырушы деп танып, «Жыр жалауы – Амангелді»

мақаласын арнаған. Онда ақын Н. Ахметбековтің «Амангелді» дастанынан үзінді келтіреді. «Халықтың алтын қазығы ед, Атасы жаудан қайтпаған» деп суреттейді. Б. Момышұлы да «Қазақ халқының өз заманында өзіне жарасты қару-жарағы, қолбасшылары болғаны рас. Ол өткен заманды сен менен гөрі жақсы білесің... Біздің заманда Әліби Жанкелдин деген кісі болған. Оның ықпалымен Амангелді Иманов қол бастап, майданға шыққан» [13].

Б. Момышұлы шығармашылығында А.Имановтың батырлығын өнеге тұтар мысалдары өте көп. Өзі де осы кісінің батырлығынан қанат қаққан сияқты.

«Батылдық – қимыл әрекет есебін тәуекел етумен үйлестіре алушылық. Тәуекелді есеп ақтайды. Есепсіз тәуекел – тұл» [12] деп тұжырымдама жасайды. Тәуекел – қазақ ұғымында бар, батырлық пен қандай да бір іске аттанарда, бастауда көз жұма, игі жақсылықтан үміт ету мақсатынан туған ұғым. Б.Момышұлы шығармашылығында тәуекел ұғымы көп кездеседі. Тәуекел сөзі барлық сөздіктерде беретін мағынасы бір іске жалтақтамай кірісу, белді бекем буғандық төңірегінде беріледі.

«Батылдық мүлдем жоғалады, болмаса өзінің барлық көрінісімен тек ұрыста ғана көрінеді» [12] – деп Б. Момышұлы өз шығармасында атап көрсеткендей аталымыш тақырып төңірегінде шетелдік ғалымдардың еңбектерін де жоғарыда қарастырдық.

Қорытынды

Түйіндей келе, Б. Момышұлы шығармашылығындағы батырлық концептіне арқау болған халқымыздың батырлық жыр сілемдері, зерттеуші ғалымдардың ой-пікірлері арқау болды, жан-жақты талданды. Батырлық концептісін құраушы ұғымдарға дефиниция, яғни мағыналарына түсінік жасалды. Сөздіктермен жұмыс жасалынды. Отандық, таяу және алыс шетел ғалымдарының батырлық концептісі туралы ой-тұжырымдары талқыланды. Батыр туралы естеліктер арқылы батырлық тұлғасын ашатын мысалдар мен дәлелдерді алға қойдық. Б. Момышұлы шығармашылығындағы мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің қолданылу ерекшелігіне назар аударылды, талданды. Батырлық концептісін құрайтын тілдік ұғымдар санамаланып көрсетілді. Тілші ғалымдардың концепт туралы теориялық зерттеулері талқыланды. Батырдың жас ұрпақ тәрбиесіне алаңдаушылығы сол кездің өзінде өте өзекті мәселе болғандығын көреміз. Ұлан байтақ бабалардан қалған жерді иеленетін ұрпақ тәрбиелеу, мектептен басталатын спорттық атқа міну, теңге ілу ойындарының бастамасын жасау туралы ойларының әлі өзекті екендігі өкінішке орай шындық. Атқа міну, көкпар тарту, теңге ілу сияқты ұлттық ойындарымызды тек мерекелік іс-шараларда тамашалап қана қалып отырмыз. Асық ойнау, садақ тарту, шекемтас ойнату балаларды мергендікке, ептілікке тәрбиелейтінін Орталық Комитетке арнайы кіріп айтқандығының

өзі, халқына жанашырлығы. Тілші ғалым Р. Сыздықова ескерткен жеке авторлардың шығармашылығындағы тілдік қолданыстарды зерттеу мәселесі тұрғысынан Б. Момышұлының шығармашылығындағы тілдік сөз саптауларды жаңаша әлі де қарастыру қажет». Мақала бойынша жасалған ізденіс жұмысы Батыр бабамыз туралы ақпараттар ағынын толықтыра алады деген ойдамыз. Жер жүзі жан-жақтан анталаған мына заманда ұрпағымызға ұран салып оятатын бабалар салтымен батырлыққа шақырар тәлім-тәрбиеге толы еңбектері оның тарихи орны мен өміршенділігін дәлелдей түседі. Болашақта Б. Момышұлы туралы зерттеу жұмысы кезіндегі табылған материалдарды әлеуметтік желіге салып, бөлісіп отыруды жөн санаймыз.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Челышев, П. В.** Человек античной мифологии : природа героя и личный выбор судьбы // Вестник КГУ. – 2014. – № 4. – С. 213–215.
- 2 **Апресян, Р. П.** Динамика образа героя в «Илиаде» Гомера // Философский журнал. – 2015. – № 4. – С. 31–46.
- 3 Әл-Фараби. Қайырымды қала. – Алматы : Жидебай, 2015. – 294-б.
- 4 **Баласағұн, Ж.** Құтты білік./Ауд.: А.Егеубаев/ – Алматы : Таймас, 2007–269-б.
- 5 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3–том. / Құраст.: Б. Сүйеркұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. – 744-б.
- 6 **Бизақов, С., Болғанбаев, Ә. Дәулетқұлов, Ш.** Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы : Арыс, 2005. – 720-б.
- 7 **Уәлиханов, Ш.** Таңдамалы. / Ауд : Ә. Илмағамбетов. – Алматы : Жазушы, 1980. – 416-б.
- 8 **Байтұрсынов, А.** Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы : Атамұра, 2003. – 208-б.
- 9 **Әуезов, М.** Әдебиет тарихы. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 238-б.
- 10 **Сейфуллин, С.** Көп томдық шығармалар жинағы. 7–том. – Алматы : Қазығұрт, 2007. – 413-б.
- 11 **Момышұлы, Б.** / Құрас. Н. Қ. Қосаева / – Алматы : Орталық кітапхана, 2011. – 382-б.
- 12 **Момышұлы, Б.** Қанмен жазылған кітап. / Ауд. : М. Қазыбек. – Алматы : Поиграфкомбинат, 2010. – 336-б.
- 13 **Қалдыбаев, М.** Атақ пен шатақ. – Алматы : Қайнар, 2004. – 368-б.
- 14 **Оразов, М.** Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы : Рауан, 1991. – 215-б.
- 15 **Снегин, Д.** Арысым еді-ау, Бауыржан – Алматы : Қазақстан баспасы, 2002. – 222-б.

16 **Franco, Z., Blau, K., Zimbardo, G.** Heroism : A Conceptual Analysis and Differentiation Between Heroic Action and Altruism // Review of General Psychology. – 2011. – Vol. 15. – No. 2. – P. 99–113.

17 **Wasamba, P.** The concept of heroism in Samburu moran ethos // Journal of African Cultural Studies. – 2009. – Vol. 21. – No. 2. – P. 145–158.

18 **Magara, C.** The concept of heroism among the bunyoro // Article in Matatu. – 2013. – Vol. 1. – P. 1–18.

19 **Owoeye, D.** Concepts of Heroism in Salman Rushdie's The Moor's Last Sigh // Theory and Practice in Language Studies. – 2013. – Vol. 3. – No. 10. – P. 1796–1805.

References

1 **Chelysev, P. V.** Chelovek antichnoi mifologii : priroda geroia i lichnyi vybor sudby [The man of ancient mythology : the nature of the hero and the personal choice of fate] // Vestnik KGU. – 2014. – № 4. – P. 213–215.

2 **Apresän, R. P.** Dinamika obraza geroia v «İliade» Gomera [The dynamics of the hero's image in Homer's Iliad] // Filosofski jurnal. – 2015. – № 4. – P. 31–46.

3 Äl-Farabi. Qaiyrymdy qala. [Benevolent city] – Almaty : Jidebai, 2015–294 p.

4 **Balasağün, J.** Qütty bilık. [Blessed shaft] / Ed. by A. Egeubaev. – Almaty : Taimas, 2007. – 269 p.

5 Qazaq ädebi tılıññ sözdıǵı. On bes tomdyq. 3–tom [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 3] / Ed. by B. Süierqūlova, T. Janūzaq, O. Jūbaeva jāne t.b. – Almaty : 2011. – 744 p.

6 **Bizaqov, S., Bolğanbaev, Ä. Däuletqūlov, Ş.** Qazaq tılıññ sinonimder sözdıǵı [Dictionary of synonyms of the Kazakh language]. – Almaty : Arys, 2005. – 720 p.

7 **Uälihanov, Ş.** Tañdamaly [Custom] / Ed. by Ä. İlmağambetov. – Almaty : Jazuşy, 1980. – 416 p.

8 **Baitürsynov, A.** Ädebiat tanytqys. Zertteu men öleñder [Literature guide. Research and poems]. – Almaty : Atomūra, 2003. – 208 p.

9 **Äuezov, M.** Ädebiat tarihy [History of literature]. – Almaty : Ana tılı, 1991. – 238 p.

10 **Seifullin, S.** Köp tomdyq şyğarmalar jınaǵy. 7–tom [A collection of multi-volume works. Volume 7]. – Almaty : Qazyǵürt, 2007. – 413 p.

11 **Momyşūly, B.** [Momyshuly, B.] / Ed. by N. Q. Qosaeva. – Almaty : Ortalyq kıtaphana, 2011. – 382 p.

12 **Momyşūly, B.** Qanmen jazylǵan kıtıp [A book written in blood] / Ed. by M. Qazybek. – Almaty : Poigrafkombinat, 2010. – 336 p.

13 **Qaldybaev, M.** Ataq pen şataq [Fame and confusion]. – Almaty : Qainar, 2004. – 368 p.

14 **Orazov, M.** Qazaq tılınıñ semantikasy [Semantics of the Kazakh language]. – Almaty : Rauan, 1991. – 215 p.

15 **Snegin, D.** Arysım edi-au, Bauyrjan [Open to everyone]. – Almaty : Qazaqstan baspasy, 2002. – 222 p.

16 **Franco, Z., Blau, K., Zimbardo, G.** Heroism : A Conceptual Analysis and Differentiation Between Heroic Action and Altruism // Review of General Psychology. – 2011. – Vol. 15. – No. 2. – P. 99–113.

17 **Wasamba, P.** The concept of heroism in Samburu moran ethos // Journal of African Cultural Studies. – 2009. – Vol. 21. – No. 2. – P. 145–158.

18 **Magara, C.** The concept of heroism among the bunyoro // Article in Matatu. – 2013. – Vol. 1. – P. 1–18.

19 **Owoeye, D.** Concepts of Heroism in Salman Rushdie's The Moor's Last Sigh // Theory and Practice in Language Studies. – 2013. – Vol. 3. – No. 10. – P. 1796–1805.

16.08.24 ж. баспаға түсті.

08.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

26.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. А. Туймебекова¹, А. Б. Салкынбай², Р. А. Беркенова³*

^{1,2}Казахский национальный
университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы;

³Международный Таразский
университет имени Ш. Муртазы,
Республика Казахстан, г. Тараз.

Поступило в редакцию 16.08.24.

Поступило с исправлениями 08.01.25.

Принято в печать 26.05.25.

ПОЛЕ КОНЦЕПТА «ГЕРОИЗМ» В ТВОРЧЕСТВЕ Б. МОМЫШУЛЫ

В данной статье исследуется личностная природа писателя-воина Б. Момышулы, который прославился на весь мир своим героизмом во время Великой Отечественной войны. В работе также рассматриваются языковые концепты, формирующие качества личности, противостоящей жестокости во время кровопролитной

войны, ставшей серьезным испытанием для человеческого сознания и души. Предметом творчества основоположника казахской военной литературы Б. Момышулы стали такие нравственные категории как сохранение человеческого достоинства в самых тяжелых ситуациях, верность Отечеству, проявление уважения к родной земле, честь, совесть, достоинство, долг, обязанность и т.д. Арена войны – это особый мир, в котором действуют собственные законы. После окончания Великой Отечественной войны Батыр Бауыржан пересмотрел многие ценности, стал смотреть на реальный мир сквозь призму собственного мировоззрения, обогащенного опытом, приобретенным на полях сражения, он стал познавать окружающий мир с позиции языковой личности, давать оценку этому миру с новых позиций, которая определялась посредством установления взаимоотношений с людьми, общения с фронтовыми товарищами. У него появилась потребность передавать подрастающему поколению в качестве завета понятия о героизме. Подвиги Б. Момышулы во время войны стали известны всему миру, после окончания войны он закончил академию, устроился на службу. Неправедливость по отношению к Батыру, имевшая место в этот период деятельности, также известна широкой общественности. Хотя он проявил подлинный героизм на фронте, общественность знает, что Б. Момышулы не был удостоен звания Героя Советского Союза. В статье анализируются размышления Батыра, проявившего героизм и, в то же время испытывавшего несправедливое к себе отношение. Тем не менее, как нам известно, Б. Момышулы всегда оценивал себя как «Международного Батыра». Б. Момышулы – вчерашний воин, он никогда не терял уважения к окружающим. В результате исследования мы удостоверились в том, что Бауыржан Момышулы – кристально честный, храбрый, истинный сын своего народа. Выявив в произведении писателя концепт «героизм», мы провели концептуальный, историко-этимологический анализ.

Ключевые слова: концепт, стыд, героизм, достоинство, победа, долг, справедливость, честь.

*A. A. Tuimebekova¹, A. B. Salkynbai², R. A. Berkenova³

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

³International Taraz

University named after Sh. Murtaza,

Republic of Kazakhstan, Taraz.

Received 16.08.24.

Received in revised form 08.01.25.

Accepted for publication 26.05.25.

THE FIELD OF THE CONCEPT «HEROISM» IN THE WORKS OF B. MOMYSHULY

This article examines the personal nature of the writer-warrior B. Momyshuly, who became famous throughout the world for his heroism during the Great Patriotic War. The work also examines linguistic concepts that form the qualities of a person who resists cruelty during a bloody war, which has become a serious test for the human consciousness and soul. The subject of creativity of the founder of Kazakh military literature B. Momyshuly became such moral categories as preserving human dignity in the most difficult situations, loyalty to the Fatherland, showing respect for the Motherland, honor, conscience, dignity, duty, responsibility, etc. The arena of war is a special world in which its own laws apply. After the end of the Great Patriotic War, Batyr Bauyrzhan reconsidered many values, began to look at the real world through the prism of his own worldview, enriched by the experience gained on the battlefields, he began to explore the world around him from the position of a linguistic personality, to evaluate this world from new positions, which was determined through establishing relationships with people, communicating with front-line comrades. He felt the need to pass on the concept of heroism to the younger generation as a testament. The exploits of B. Momyshuly during the war became known to the whole world; after the end of the war, he graduated from the academy and got a job. The injustice towards Batyr that took place during this period of activity is also known to the general public. Although he showed true heroism at the front, the public knows that B. Momyshuly was not awarded the title of Hero of the Soviet Union. The article analyzes the thoughts of Batyr, who showed heroism and, at the same time, experienced unfair treatment. Nevertheless, as we know, B. Momyshuly always assessed himself as an «International Batyr». B. Momyshuly is yesterday's warrior, he never

lost respect for others. As a result of the research, we made sure that Bauyrzhan Momyshuly is a crystal honest, brave, true son of his people. Having identified the concept of «heroism» in the writer's work, we conducted a conceptual, historical and etymological analysis.

Keywords: concept, shame, heroism, dignity, victory, duty, justice, honor.

Теруге 26.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,56 МБ RAM

Шартты баспа табағы 36,03. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4406

Сдано в набор 26.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

6,56 МБ RAM

Усл. печ. л. 36,03. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Заказ № 4406

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz